

**Аркенова Жадыра Рамазановнаның 6D051000 «Мемлекеттік және  
жергілікті басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесіне ізденуге арналған «Қазақстан Республикасында мемлекеттік  
стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыруды жетілдіру»  
тақырыбындағы диссертациясына ғылыми көнешші пікірі**

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру мақсатында жүргізіліп жатқан қайта құрулар әкімшілік және бюджеттік реформаларды қамтиды.

Зерттеу тақырыбын өзектілігі көптеген елдердің, оның ішінде Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесінде стратегиялық жоспарлау мен болжау ролінің артуымен негізделген. Қазіргі таңда стратегиялық жоспарлау мемлекеттік менеджменттің барлық деңгейлерінде қолданылатын тиімді басқару құралы және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің үйлестіруші болып табылады.

Осы құралдың өзектілігі республикада ғылымды қажетсінетін экономика моделін қалыптастыру жағдайында айрықша маңызды. Алайда, соңғы жылдары мемлекеттік стратегиялық жоспарлау маңыздылығының едәуір артуымен, мемлекетте оны дамыту мәселелері көптеген жылдар бойы ғылыми пікірталастар түрінде ғана қалып отыр. Бұғаңға таңда ғылыми ортада елдің (өнірдің) әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізу үшін стратегиялық жоспарлау тетіктерінің тиімділігін бағалауга қатысты бір ұстанымның жоқтығын да атап өтуге болады. Бұл, өз кезегінде, тұластай ел шеңберінде, сондай-ақ өнірлік шеңберде де стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірлену және іске асрылуында мәселелердің туындауына әкелуде.

Осыған байланысты мемлекеттік стратегиялық жоспарлау барысында ғылыми қамсыздандыру қағидатын қолдану маңызды.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты ізденушімен диссертациялық жұмыста мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыру теориялық түрғыдан негізделіп, Қазақстандағы мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді қолданудың негізгі үрдістерін талдап, оның ішінде жекелеген мемлекеттік стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды ғылыми қамсыздандырудың сапасы мен нәтижелілігіне баға беру, стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді ресурстық қамсыздандырылуын кешенді талдау арқылы мәселелік тұстары анықталып, мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді жетілдіру жолдары ұсынылған.

Дәлірек тоқталсақ, ізденушімен зерттеу нәтижесінде ғылыми жаңашылдықты беретін мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізілген: Қазақстанда мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыру мәселесі анықталды; мемлекеттік стратегиялық жоспарлаудағы әдіснамалық негіздер жинақталып, ғылыми зерттеулердің мәні, құралдары, әдістері нақтыланды; қазақстандық ғылымда алғаш рет мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді қолдану үрдістеріне талдау жүргізілді;

стратегиялық жоспарлаудың нәтижелілігін арттырудығы ғылыми қамсыздандырудың басым бағыттары айқындалды; мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулерді ақпараттық қамсыздандыру жүйесінің тұжырымдамалық негіздері әзірленді; Қазақстанда мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулердің қазіргі тандағы әдістемелерін енгізу алгоритмі әзірленді.

Қарағанды облысы мысалында өнірлік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыру сапасын талдау және бағалау арқылы ізденушімен ұсынылған шаралар, елімізде мемлекеттік стратегиялық жоспарлауда ғылыми зерттеулердің заманауи әдістемелерін енгізу алгоритмі мен стратегиялық жоспарлауды ақпараттық қамсыздандыру жүйесінің тұжырымдамалық негіздерінің әзірленуі тек ғылыми емес, сонымен қатар тәжірибелік күндылыққа ие болатынын айта кету қажет.

Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланған, оның ішінде: Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған журналдар тізіміндегі және Scopus халықаралық базасына кіретін журналдағы мақалалар.

Осылайша, диссертациялық жұмыс докторантпен кәсіби тұрғыда дербес орындалған аяқталған, талдау кешенділігі, логикалық құрылымдығымен, баяндаудың түсінікті тілі және стилімен айрықшаланатын ғылыми жұмыс болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты Ж.Р.Аркенованың «Қазақстан Республикасында мемлекеттік стратегиялық жоспарлауды ғылыми қамсыздандыруды жетілдіру» тақырыбына дайындалған диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге арналған диссертациялық жұмыстарды орындауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келгендіктен, 6D051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша ашық қорғауға жіберіледі.

Ғылыми кеңесші:  
ә.ғ.д., профессор

А.А.Таубаев

